Автор: Каримова Бакытханым Сагидуллакызы
Пән: Қазақ тілі (Т1)
Сынып: 4-сынып
Бөлім: Қоршаған ортаны қорғау
Тақырып: Шығыс септік

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	4.4.2.3 – зат есімді септеу, тәуелденген сөздердің септелуін білу..
Сабақтың мақсаты:	Барлық оқушылар жасай алады: • Сөйлемнен шығыс септік жалғаулы сөздерді таба алады. Оқушылардың көбі жасай алады: • Шығыс септік жалғауларын біледі Оқушылардың кейбірі жасай алады: • Берілген тақырып бойынша ой қорыту жасай алады.
Тілдік мақсаттар:	
Күтілетін нәтиже:	Сөйлемнен шығыс септік жалғаулы сөздерді таба алады. Оқушылардың көбі жасай алады: • Шығыс септік жалғауларын біледі Оқушылардың кейбірі жасай алады: • Берілген тақырып бойынша ой қорыту жасай алады.
Бағалау критерийлері:	Шығыс септігінің жалғауларын біледі. Шығыс септігінің сұрақтарын ажырата алады.
Құндылықтарды дарыту:	Адамгершілік, еңбекқорлық.
АКТ-ны қолдану дағдылары:	Электронды тапсырмалар.
Пәнаралық байланыс:	Дүниетану
Бастапқы білім:	

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	**Жоспарланған іс-әрекет**	**Ресурстар**
Сабақтың басы	Ұ) Ұйымдастыру кезеңі. Сәттілік біздер тілейік: Мен сағаң, сен маған, Күндей күліп жүрейік. Күннің нұрын төгейік: Алдыңғы білімді еске түсіру (жеке,жұпта,топта, ұжымда) (Ұ)Семантикалық карта Сөздер Атау септік Ілік септік Барыс септі Табыс септік Жатыс септік Бөлмеде, құмда, Айданада Суретшінің, аға тың, оқушылардың Оқушы, кітап, ағаштар Шеңберді, саңырауқұлақты, Әсемді Ауылға, мектепке,Сәулеге ҚБ: оқушылардың жауаптарына, іс-әрекеттеріне бақылау жүргізіп, белгілеп алу арқылы бағалау; Оқу мақсатын таныстыру Күтілетін нәтижені анықтау	

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы	62-жаттығу. (Ұ) Мәтінді тыңдау. Мәтінді мұқият тыңдау. Балалардың зейін қоюын қадағалау. Сұрақтар: – Мәтін не туралы? – Ата қоян кенжесіне не берді? – Сұр көжек неге бұртиды? – Ол неге аш қалды? (Т) Мәтіндегі нақыл сөздерді табу. Нақыл сөздерді тауып, мағынасын топта талқылау. Көжектердің қуанғанын және ренжігенін ым-ишара арқылы көрсету. ҚБ: – өзара бағалау; 63-жаттығу. (Ө) Жұмбақты оқып, шешуін табу. Аттан биік, Қойдан аласа Шешуі: ер-тоқым. Қарамен жазылған сөздерге сұрақ қою арқылы олардың қай септікте тұрғанын анықтау. Жаңа ақпарат. Шығыс септіктегі зат есімдер кімнен? неден? кімдерден? нелерден? қайдан? деген сұрақтарға жауап береді. Шығыс септігі атау септіктегі сөзге -нан, -нен, -дан, -ден, -тан, -тен жалғаулары жалғану арқылы жасалады. Бұл жалғауларды шығыс септік жалғаулары деп атайды. 64-жаттығу. (Ө) Мәтінді көшіріп жазу. Оқулықта берілген мәтінді оқып, көшіріп жазады. Сөздердің айтылуы мен жазылуын салыстырады. Мәтіннен шығыс септіктегі сөздерді тауып, астын сызады. Түсіндірме сөздікпен жұмыс. Қақтан –жауын-шашыннан соңтақыр жерге іркілген су ҚБ: Тамаша. Жақсы. Мұқият бол. 65-жаттығу. (Т) Зат есімді табу. Сызбадағы жалғауларға сай келетін зат есімдерді тауып, шығыс септік жалғауының әртүрлі жалғану себебін түсіндіру. «Дәптер алмасу» ойыны арқылы бір-бірінің дәптерлерін тексеру арқылы,кері байланыс беру 66-жаттығу. (ЖЖ) Мақалды көшіріп жазу. Көп нүктенің орнына тиісті жалғауды қойып, мақалды көшіріп жазу. «Дәптер алмасу» ойыны арқылы бір-бірінің дәптерлерін тексеру арқылы,кері байланыс беру Сергіту сәті! Көп отырып шаршадық, Қозғалуды аңсадық. Жүгіргіміз келеді, Әдемілеп ән салып. 67-жаттығу. (ЖЖ) Дәлелдеу. Кесте бойынша берілген сөздердің шығыс септігінде тұрғанын дәлелдейді. ҚБ: Тамаша. Жақсы. Мұқият бол.	
Сабақтың соңы	ТЕСТ ЖҰМЫСЫ: 1.Қазақ тілінде неше септік бар? а) 6. ә)7 б) 5 2.Сөйлемнен шығыс септікте тұрған сөзді тап: Кеше Сауледен хат келді. 3.Шығыс септігінің сұрақтарын тап. а) Кімде? Неде? ә) Кімнің? Ненің? б) Кімнен?Неден? 4.Шығыс септікте тұрған сөзді тап. а) Мектептен ә) Мектепте б) Мектептің 5.Шығыс септігінің жалғауларын тап. а)-да,-де,-та,-те ә)-ны,-ні,-ды,-ді,-ты,-ті б)-дан,-ден,-тан,-тен,-нан,-нен.	
Рефлексия	«Өз жұмысыңды бағала» рефлексия Бірінші тұрған «сауатты жазу» Екінші тұрған «көркем жазу» Үшінші тұрған «шығармашылық жұмыстарды орындау» дөңгелектері тиісті қарындаштармен боятылады.	